

6D012000 - Кәсіптік оқыту мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары» тақырыбындағы Бермухамбетова Ботагоз Булатовнаның диссертациялық жұмысына ресми рецензент профессор, педагогика ғылымдарының кандидаты Жумабаева Зайда Ефимовнаның

ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшем шарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған; 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған; 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Зерттеу жұмысы ғылымның өзекті бағыты мен мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес орындалған. Диссертациялық зерттеу Қазақстан Республикасында жоғары білім беру мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында айқындалған басым бағыттармен, ESG стандарттары қағидаттары және білім беру сапасын қамтамасыз ету саласындағы халықаралық талаптармен толық сәйкес келеді; қоғамда сұранысқа ие дағдылармен және жеке тұлғаны дамытуға бағытталған біліммен қамтамасыз етуді басты мақсат етіп алған «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2021-2026 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасымен». Диссертация «6D01200 – «Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша ізденушінің бастамасымен және ғылыми кеңесшілері, кафедраның шешімімен орындалған. Диссертация мәтінінде басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалғаны туралы ақпарат жоқ. Зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасы

			Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына, соның ішінде «Елдің зияткерлік әлеуеті» бойынша «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс «6D01200 – «Кәсіптік оқыту» бағыты бойынша ұсынылған.
2	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Жұмыс ғылымға елеулі үлес қосқан зерттеу, оның маңыздылығы диссертациялық еңбекте ашылған. Диссертацияда техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзіреттілігін қалыптастырудың теориясы мен практикасы алғашқы зерттеулер қатарында кешенді түрде зерттеліп, теориялық-әдіснамалық тұрғыда жан-жақты сипатталған. Зерттеуші қоғам дамуының заманауи әлеуметтік-мәдени өзгерістер жағдайында болашақ техникалық факультет студенттерінің құқықтық құзыреттілігін дамыту процессінің тиімділігін дәлелдеген. «Құқықтық құзыреттілікті қалыптастырудың педагогикалық негіздері» (тестілік сұрақтары мен жағдаяттық тапсырмалары); «Основы правовых знаний» оқу құралы; «Құқықтық тақырыптағы жағдаяттық тапсырмалар жинағы» (техникалық факультет студенттеріне арналған) тақырыпта электрондық оқулық мазмұнын айқындап, оларды техникалық ЖОО оқу процесіне енгізе алған. Зерттеу жұмысының маңыздылығы қорытындыларының нақтылығымен, ғылыми пайымдауларының

			тиянақтылығымен айқындалады. Зерттеу барысында алынған әдіснамалық ұстанымдар, теориялық тұжырымдамалар педагогика ғылымдарының әрі қарай дамуына ғылыми теориялық және практикалық жағынан үлесін қоса алады.
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Докторант Бермухамбетова Б.Б. диссертациялық жұмысты жазуда өзі жазу принципін толықтай ұстанған. Өзі жазу деңгейі жоғары. Ақпараттарға талдау жүргізуінен, зерттеудің логикалық бірізділігінің сақталуынан жұмыстың жазу деңгейінің жоғарылығы, зерттеушінің дара стилінің бар екендігі байқалады. Академиялық жазу қағидалары мен ғылыми стильдің талаптары диссертацияда толық сақталған.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертацияда мазмұнның ішкі бірлік қағидасы жақсы сақталған. Тақырыптың өзектілігі негізделген. Соның нәтижесінде диссертацияның құрылымдық және мазмұндық тұтастығына қол жеткізген. Алынған нәтижелер өзара жүйелі байланыста сабақтастық қағидатын сақтаған.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Бермухамбетова Ботагоз Булатовнаның «Жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары» тақырыбындағы докторлық диссертациясы мазмұнының әр тарауында қарастырылған мәселелер диссертация тақырыбын толық айқындайды. Бірінші тарауда техникалық ЖОО-да студенттердің құқықтық құзыреттіліктерін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық тұғырларының зерттелуін саралап, педагогикалық шарттарын

		анықтаған. Екінші тарауда жоғары оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасап, ерекшеліктерін анықтаған. Құқықтық құзыреттілікті қалыптастырудың шетелдік тәжірибесі көрсеткен. Үшінші тарауда жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін зерттеудің диагностикасын, тәжірибелік жұмыстардың нәтижелерін кешенді байланыста қарастырған. Диссертация мазмұны белгілі бір нәтиже қорытуға мүмкіндік береді.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Диссертант жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық негіздерін және педагогикалық шарттарын анықтауды, оның тиімділігін тәжірибелік эксперимент арқылы дәлелдеуді мақсат еткен. Зерттеу барысында алдына қойған міндеттерді мақсатқа сәйкес толық орындаған. Диссертацияда аксиологиялық, әрекеттік, әлеуметтік, ақпараттық - семиотикалық және жүйелілік, тұлғалық-бағдарлы, мәдениеттанымдық тұғырлар үйлесімді қолданылып, зерттеу нысанына кешенді ғылыми талдау жасалған; құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, оның компоненттері (мотивациялық-құндылық, когнитивті-процессуалдық,

			практикалық-бағалаушылық) ғылыми тұрғыда негізделген. Бұл модель зерттеудің теориялық жаңалығын көрсетеді. Зерттеу нәтижелері эмпирикалық деректермен дәлелденген. Студенттердің құқықтық құзыреттілігі диагностикаланып, тәжірибелік жұмыстар арқылы ұсынылған әдістеменің тиімділігі ғылыми-практикалық ұсынымдар арқылы жасалған.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы бір-бірімен өзара толық байланысқан, ішкі бірлігі айқын, ғылыми талдаулар мен тұжырымдар логикалық тұрғыдан сабақтастықта берілген. Алынған нәтижелер автордың қорытындыларымен бірге диссертацияның мақсат-міндеттеріне сәйкес келеді.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Диссертациялық зерттеуде автор ұсынған жаңа шешімдерде сыни талдау бар. Докторант техникалық факультет студенттерінің құқықтық құзыреттіліктеріне қатысты ұсынған жаңа шешімдер дәлелді, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстыра бағаланған. Осыған дейін мамандар тарапынан айтылған пікірлер мен тұжырымдар зерттеушінің сыни талдауынан өткенені байқалады. Өзіндік тұжырымдар, тың пайым, жаңа шешімдер бар және дәлелді
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа. Зерттеуде техникалық факультет студенттерінің құқықтық құзыреттіліктерін қалыптастыру психологиялық, педагогикалық және әдіснамалық тұрғыда жүйелі түрде алғаш рет кешенді талданған деп бағалауға болады. Көптеген еңбектерде бұл мәселе

		арнайы жеке зерттеу нысаны ретінде қарастырылмағаны белігілі. Жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастыру моделінің жасалуы – педагогика ғылымындағы нақты теориялық жаңалық болып табылады. Электрондық оқулық, элективті курс бағдарламасы мен тест тапсырмалар жиынтығын техникалық ЖОО оқу үдерісіне енгізу жолдарының көрсетілуі – қолданбалы жаңалықтың маңызды көрсеткіші және жоғары білім беру үдерісіне арналған нақты инновациялық өнім. Диссертацияның ғылыми нәтижелері: - теориялық жаңалыққа (модель, тұжырымдамалық негіздер), - әдістемелік жаңалыққа (курс, диагностика, әдістеме), - практикалық жаңалыққа (білім беру үдерісіне енгізу мүмкіндігі).
	5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа. Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы оның теориялық, әдіснамалық, әдістемелік және тәжірибелік деңгейлерде алынған нәтижелерінің кешенді сипатымен анықталады. Біріншіден, теориялық деңгейде «техникалық факультет студенттерінің құқықтық құзыреттіліктері» ұғымы мазмұндық-құрылымдық тұрғыда нақтыланған, әдіснамалық тұғырлар мен қағидаттарының өзара байланысы жүйеленген. Бұл зерттеудің ұғымдық-теориялық аппаратын нақтылауға мүмкіндік беріп отыр. Екіншіден, жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленген. Ұсынылған модель зерттеу нысанын жүйелі сипатта бейнелеп,

		оның негізгі компоненттері мен өзара байланысын ғылыми тұрғыда негіздеуге жағдай жасайды. Үшіншіден, әдістемелік деңгейде «Құқықтық құзыреттіліктің қалыптастырудың педагогикалық негіздері» (тест сұрақтары мен жағдаяттық тапсырмалар); «Основы правовых знаний» оқу құралы; «Құқықтық тақырыптағы жағдаяттық тапсырмалар жинағы» (техникалық факультет студенттеріне арналған) тақырыпта электрондық оқулық әзірленіп, оны жоғары оқу орындарының білім беру үдерісінде жүзеге асырудың тиімді жолдары ұсынылды. Төртіншіден, тәжірибелік деңгейде ұсынылған техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттардың тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы дәлелденді. Эксперимент нәтижелері студенттердің тұлғалық даму көрсеткіштерінде, құқықтық сауаттылықтарында оң динамиканың бар екенін көрсетті.
	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Техникалық, технологиялық шешімдер диссертация тақырыбының қазіргі әлеуметтік өзгерістер аясындағы өзектілігімен және қоғамдағы маңыздылығымен анықталады. жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін зерттеу барысындағы тұжырымдары тәжірибелік жұмыс нәтижелерімен және осы нәтижелер бойынша шығарған ғылыми жарияланымдарымен расталған.
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куоолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар Докторант тарапынан ұсынылған барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелермен негізделген. Диссертациялық жұмыста қарастырылған барлық ғылыми ұстанымдар шынайы түрде тұжырымдалып, зерттеу

		бойынша даярлық бағыттары үшін).	тақырыбына қатысты салыстырмалы талдаулар негізінде дәйектеліп отырған.
7	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең; 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	Жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастыру мақсатты бағыттағы процесс, өзара әрекеттесетін және өзара толықтыратын жүйеден тұрады. 7.1: дәлелденді; 7.2: тривиалды емес; 7.3: жаңа; 7.4: қолдану деңгейі кең; 7.5: мақалаларда дәлелденген 2. Білім беру жағдайларының мазмұны болашақ бакалаврлардың құқықтық білімін, болашақ кәсіби саладағы өзекті оқиғаларды құқықтық мазмұнмен, БАҚ және Интернет-ресурстар құралдары бойынша ақпараттық мазмұнын үнемі жаңартып отырумен тұжырымдамалық тұрғыдан байланысты екендігі анықталды. 7.1: дәлелденді; 7.2: тривиалды емес; 7.3: жаңа; 7.4: қолдану деңгейі кең; 7.5: мақалаларда дәлелденген 3. Жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастыру қоғамның саяси және әлеуметтік-экономикалық өміріндегі өзгерістер білім беру жүйесі мен кәсіптік орта арасындағы қатынастарды терең трансформациялауға септігін тигізетіндігімен түсіндіріледі. 7.1: дәлелденді; 7.2: тривиалды емес; 7.3: жаңа; 7.4: қолдану деңгейі кең; 7.5: мақалаларда дәлелденген 4. Жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің

			құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың мотивациялық-құндылық, когнитивті-процессуалдық, практикалық-бағалаушылық компоненттерін қамтитын құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленді және ғылыми негізделді; критерийлері, көрсеткіштері мен деңгейлері (жоғары, орташа, төмен) анықталды. Модель жүйелік, тұлғаға бағытталған, іс-әрекетке және аксиологиялық тәсілдерге негізделген өзара байланысын көрсетеді. 7.1: дәлелденді; 7.2: тривиалды емес; 7.3: жаңа; 7.4: қолдану деңгейі кең; 7.5: мақалаларда дәлелденген 5. Жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттарының тиімділігі дәлелденді. «Основы правовых знаний» (орыс тілінде) элективті пәннің оқу құралы 6B08701- «Аграрлық техника және технология», 6B07501- «Стандарттау, сертификаттау және метрология», 6B07201 – «Тамақ өнімдерінің технологиясы» мамандықтарына жүргізілді. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері статистикалық маңызды оң динамиканы растады. 7.1: дәлелденді; 7.2: тривиалды емес; 7.3: жаңа; 7.4: қолдану деңгейі кең; 7.5: мақалаларда дәлелденген
8	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жоқ.	Диссертацияда дәйектілік қағидаты сақталған. Тақырыпқа қатысты дереккөздер мен ғылыми әдебиеттер зерттеу жұмысының ғылыми-әдіснамалық негізі ретінде

	акпараттын дәйектілігі		басшылыққа алынған. Диссертациялық жұмыстың кіріспесінде берілген зерттеу әдістері жұмыстың мақсаты-міндеттері мен тақырыптық ерекшелігіне негізделген және зерттеу барысында тиімді қолданылған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Сауалнама жүргізіліп, оның қорытындысы, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың нәтижелері арнайы мақала ретінде жарық көрді.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Зерттеу жұмысында теориялық қорытындылар, тұжырымдар мен ұсыныстар нақты материалдарға, ғалымдардың еңбектеріне, ғылыми пікірлерге сүйене отырып дәлелденген. Ізденуші зерттеу жұмысының нәтижелерін халықаралық ғылыми практикалық конференцияларда жариялаған
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Диссертациялық жұмыста жасалған маңызды мәлімдемелер нақты әрі сенімді және дәйекті ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу жасауға жеткілікті. Диссертациялық жұмыста 113 әдебиет қолданылған және барлық әдебиетке ұсынылған сілтемелер талапқа сай рәсімделген.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Диссертацияның теориялық маңызы бар. Зерттеу нәтижелері білім беру мен әлеуметтік

		2) жоқ.	тәжірибеде қолдануға болатын нақты бағыттарды айқындаған.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ.	Диссертацияның практикалық маңызы бар. Алынған ғылыми нәтижелердің нақты оқу процесінде қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу барысында анықталған педагогикалық шарттар студенттердің құқықтық білімін жүйелеуге, олардың кәсіби даярлығын арттыруға зор үлес қосады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Зерттеу еңбегіндегі практикалық ұсыныстар толығымен жаңа. Диссертация нәтижелері 7.7.5-де аталған мамандықтар бойынша оқылатын пәндердің теориялық және практикалық базасын нығайтады.
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертация академиялық жазу ерекшеліктеріне сай және объективті түрде жазылған. Ғылыми стильді ұстанған, жүйелі құрылымды сақтаған, сілтемелерді дұрыс қолданған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Зерттеу жұмысы дербес орындалған, толыққанды ғылыми еңбек.
11	Диссертацияға ескертулер	Ізденушінің диссертациялық жұмысы өзекті тақырыпты қамтып, ғылыми негізде жүйелі орындалған. Дегенмен, диссертация мәтінінің 22-ші және тағы бір-екі беттерінде кейбір орфографиялық дәлсіздік кездеседі. Бұл жұмыстың жалпы ғылыми құндылығына әсер етпейді және оңай түзетіледі. С.Сейфуллина атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің оқу үдерісінде көптілді білім алушылар аудиторияны ескере отырып, «Основы правовых знаний» оқу құралын енгізуді ғылыми педагогикалық тұрғыдан негізделген ұсыныс ретінде бағамдаймын.	
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация	Диссертациялық зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары, теориялық және практикалық нәтижелері ғылыми басылымдарда жарияланған. Диссертациялық зерттеу аясында 10 ғылыми мақала жарық көрген. Соның ішінде: - 1 мақала Scopus деректер қорына енетін басылымда,	

	мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	- 4 мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған басылымдарда, - 5 мақала отандық және халықаралық конференция материалдары жинақтарында, - 1 оқу құралы, - 2 электрондық оқулық басылымнан шыққан. Мақалалар мен ғылыми еңбектердің деңгейі жоғары, зерттеу тақырыбына сәйкес жазылып, жарияланған.
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28- тармағына сәйкес)	Шешім: Б.Б. Бермухамбетованың 6D01200 – «Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған « Жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары » тақырыбындағы диссертациялық жұмысы толық аяқталған ғылыми жұмыс деп есептеймін

Зерттеу жұмысы Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің талаптарына сай жазылғандығын ескере отырып, **Бермухамбетова Ботагоз Булатовнаға «6D01200 – «Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп санаймын.**

Ресми рецензент:

**профессор,
педагогика ғылымдарының кандидаты,
Астана Халықаралық университеті
педагогикалық институтының профессоры**



З.Е. Жумабаева